

Aşağıda verilen I ve II numaralı metinleri okuyunuz, metinlerin transkripsiyonunu yapıp Türkiye Türkçesine aktarınız, içerikleri hakkında sınıfta konuşup sorulan sorulara cevap veriniz.

Kaynak:

Agzamova Z., K. Shaymerdenova (2006) Kazak Tili, Almatı.

I

Үлкенді сыйлау — қазақ халқының ата салты. Үлкенді сыйлау, ең алдымен өке мен шешені сыйлаудан басталады. Өз отбасын, өз ата-анасын сыйламайтын үл мен қыз басқа адамдарды да сыйлай алмайды. Ата-ана баланы дүниеге келтіріп, өмір береді, тәрбиелеп өсіреді, білім береді. Оған ер жетіп, отбасының қамқоршысы болады деп сенім артады. Есейген бала ата-анаға қамқоршы болуға жараса, жігіт болғаны. Ата мен ананың қартайғанда бойынан күші кайтады. Бірақ олардың ақылы, көпті көрген тәжірибесі отбасына үлкен көмегін тигізді. Өрбір қын істің шешімін ең алдымен ата-ана табады. Ол үшін ата-анамен ақылдасып, олардың пікірін тыңдалап отырған орынды. Ата-ананы сыйлаған жастардың өз балалары да кейін соны кайталайды. Ата-ананың ісінен көпті үйреніп қана қоймай, олардың тәрбиесін бойға сініре білу — өр баланың парызы.

II

Қазақ отбасында балаға туыстарын, нағаппыштарын, атабабаларын, үлкен аталарын, жеті атасын айтып отырады. Бұл баланы өскенде өз туыстарын жақсы білуге, сыйлауга үйретеді. Өр адамның өзінің жеті атасын білуі — көргенділігін, білімділігін, ата көргендігін танытады. Жеті атаны үйрету өр ата-ананың басты борышы. Өзін, әкесін, атасын, бабасын және одан арғы ата-бабасының есімдерін білу жеті атаны білу деген сөз. Әкесі, атасы балаға тек жеті атасына дейінгі аралықтағы аталарының атын жаттатып қана қоймай, олардың қандай адам болғанын, елі үшін жасаған ерліктерін, өнегелі істерін де айтып отырған. Сол арқылы бала ата дәстүрін жалғастырса еken деген мақсат көздеген.